

Қазығұрт ауданы, Шарапхана ауыл округі, Шарапхана елді мекенінің шекарасын өзгерту туралы

Бірлескен Оңтүстік Қазақстан облысы Қазығұрт аудандық мәслихатының 2015 жылғы 27 қаңтардағы № 41/274-V шешімі және Оңтүстік Қазақстан облысы Қазығұрт ауданы әкімдігінің 2015 жылғы 27 қаңтардағы № 1 қаулысы. Оңтүстік Қазақстан облысының Әділет департаментінде 2015 жылғы 13 ақпанда № 3020 болып тіркелді

Қазақстан Республикасының 2003 жылғы 20 маусымдағы Жер кодексінің 108 бабының 5 тармағына, «Қазақстан Республикасының әкімшілік – аумақтық құрылысы туралы» Қазақстан Республикасының 1993 жылғы 8 желтоқсандағы Заңының 12 бабының 3) тармақшасына сәйкес, ауданның ауылшаруашылығы және жер қатынастары мен құрылыс, сәулет және қала құрылысы бөлімдерінің бірлескен ұсынысы негізінде Қазығұрт ауданының әкімдігі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ** және Қазығұрт аудандық мәслихат **ШЕШІМ** **ҚАБЫЛДАДЫ:**

1. Қазығұрт ауданы Шарапхана ауыл округі Шарапхана елді мекенінің шекарасы 342,03 гектарға ортақ пайдаланудағы жайылым 3,0 гектар жер қосылып, елді мекеннің аумағы 345,03 гектарға ұлғайтылып өзгертілсін.

2. Осы бірлескен қаулы және шешім оның алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

Аудан әкімі

Б.Д.Қыстауов

А у д а н д ы қ м ә с л и х а т

сессиясының төрағасы

Н.Т.Кадыров

Аудандық мәслихат хатшысы

М.М.Момынов